

СИАНЬ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢА ЖҮК ТЕРМИНАЛЫ МАҢЫЗДЫ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ХАБҚА АЙНАЛЫП, ҚЫТАЙДЫҢ БАРЛЫҚ ӨНІРЛЕРІНЕН КЕЛЕТІН ЖҮКТЕРДІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАҒДАРЛАРДЫ ШОҒЫРЛАНДЫРУҒА СЕПТІК ЕТЕРІНЕ СЕНІМДІМІЗ. ЖЫЛ СОҢЫНДА АТАЛҒАН ТЕРМИНАЛДЫ ІСКЕ ҚОСУ БОЙЫНША ҚОЙЫЛҒАН МАҚСАТТАР МЕН ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕН УАҒДАЛАСТЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН БІЗГЕ КЕҢ АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗУ КЕРЕК.



Ерлан ҚОЙШЫБАЕВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының логистика жөніндегі орынбасары



№49 (2866)
20/06/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



ЖҮК ТИЕУ КӨРСЕТКІШІ ӨСКЕН

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының биылғы жылдың өткен бес айындағы жұмыс көрсеткіші қанағаттанарлық. Жалпы, қаңтар-мамыр айлары аралығында ҚТЖ желісі бойынша 103,6 млн тонна жүк тасымалданған.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Теміржол көлігі арқылы жүктерді экспорттау өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,2%-ға артып, 37 млн тоннаны құраған. Республика бойынша жүк тиелімі артып, 66,5 млн тоннаға жетті. Таратып айтар болсақ, тас көмір тиеу 44,3 млн тоннаны құрады, соның ішінде елдің ішінде 31,1 млн тонна қатты отын тасымалданған. Айта кетер болсақ, өткен жылдың қорытындысы бойынша ҚТЖ бойынша көмір тиеу көлемі 106,7 млн тоннаны құрады, бұл жалпы теміржол көлігімен тасымалданған

жүктердің тең жартысы десек болады. Қазақстан бойынша 74,3 млн тонна көмір тасымалданып, экспортқа 32,4 млн тоннасы тиелген. Астық тасымалы да өткен жылға қарағанда 24,5%-ға артып, 4,9 млн астам тоннаны құрады. Елдің ішіндегі астық тиелімі 12,7%-ға, яғни 937 мың тоннаға дейін өсті. Экспорт 27,7%-ға, яғни 3,9 млн тоннаға көбейді. Ал 2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ желісі бойынша 10 млн тонна астық тасымалданып, соның ішінде 8 млн тонна экспортқа шығарылған еді. Ұнтақталған ұн өнімдерін тиеу көлемі 12,8%-ға өсіп, 1,3 млн тоннаға жетті, соның ішінде еліміз

бойынша 16,2%-ға, яғни 345 мың тоннаға дейін артты. Экспорт 11,6%-ға өсіп, 978 мың тоннаға дейін жетті. 2023 жылдың 5 айының қорытындысы бойынша мұнай жүктерінің тиелімі бойынша да 4,4%-ға дейін өсім бар, бұл көлем 7,8 млн тоннаға жетті. Сол сияқты химиялық тыңайтқыштар 8,5%-ға артып, 1,8 млн тоннаға дейін тиелді, ал құрылыс жүктерінің өсімі 13%, яғни 5,8 млн тоннаға өскен. Эксплуатациялық жүк айналымы 2023 жылдың бес айында 112,5 млрд т-км неттоны құрады, бұл өткен жылғы көрсеткішке қарағанда 9,6% артық. *Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

ДИАЛОГ ПО ВАЖНЫМ ВОПРОСАМ



Возможности паромного комплекса порта Курык, развитие ТМТМ и вопросы сотрудничества обсудили на торгово-инвестиционном форуме «Польша – Казахстан» в Варшаве. Мероприятие организовано Комитетом по инвестициям Министерства иностранных дел РК совместно с польским Агентством по инвестициям и торговле и Посольством Республики Казахстан в Республике Польша. Транскаспийский международный транспортный коридор является важнейшим звеном в формировании Евразийской транспортной системы. Важнейшая роль в развитии Транскаспийского маршрута и транзита между странами Центральной Азии и Европой отводится транзитным грузоперевозкам через Казахстан благодаря слаженной работе АО «НК «ҚТЖ», а также портам Актау и Курык, – отметил руководитель службы маркетинга ТОО «Порт Курык» Айтқали Нурмаганбетов. Работа форума направлена на активизацию торгово-экономического, инвестиционного сотрудничества между Казахстаном и Польшей, укрепление действующих и налаживание новых прямых контактов между деловыми партнерами двух стран, презентацию инвестиционных проектов, возможностей и механизмов поддержки для бизнеса. Участники также обсудили вопросы развития казахстанского машиностроения, законодательные изменения, направленные на поддержку предпринимательства, и возможности сотрудничества в различных отраслях промышленности. *Любовь РОБЕВА*

КАНИКУЛЫ С ПОЛЬЗОЙ



Более шести тысяч детей работников АО «НК «ҚТЖ» и его дочерних организаций этим летом отдохнут в детских оздоровительных центрах Казахстана. Традиционно летние каникулы дети железнодорожников в возрасте от семи до 13 лет включительно проводят в самых живописных уголках страны. Перевозку ребят осуществляет АО «Пассажирские перевозки». В детские оздоровительные центры они отправляются в сопровождении сотрудников компании и представитель отраслевого профсоюза. Организация детского летнего отдыха – одна из гарантий, предоставляемых работникам ҚТЖ и его дочерних организаций по Коллективному договору. При распределении путевок приоритет отдают детям производственного персонала из малообеспеченных, многодетных и неполных семей. Большую долю расходов компания берет на себя, родители оплачивают лишь 10% от стоимости. Первый заезд состоялся 15 июня. Ребята отправились на 10 дней в детский оздоровительный центр «Машат» в Туркестанской области. Особое внимание всегда уделяется вопросам безопасности, сбалансированного питания и разнообразного досуга – детям создаются все условия для полноценного и комфортного отдыха. *Роман ЛЮБИМОВ*



Батыр КОТЫРЕВ,
главный инженер –
директор департамента технической
политики АО «НК «ҚТЖ»:

Семинар

ҚАУІПСІЗДІК ТАҚЫРЫБЫН ҚАУЗАДЫ

Өткен аптада Шымкент магистральдық желі бөлімшесінде «Қауіпсіздік – бұл ақылдың саналы жағдайы» тақырыбында семинар-кеңес өтті. Оған бөлімшеге қарасты барлық мекемелердің бас инженерлері мен қауіпсіздік ревизорлары және еңбек қорғау мамандары қатысты.

Сабира БАЙЗАХОВА,
Шымкент

Иә, теміржол қашанда қауіпті аймақ, санамен сараласақ біздің бүгінгі қоғамда теміржолсыз өмір жоқ, теміржол – қатынас құралы, теміржол – сауда мен экономиканың бастауы, бизнес жолы, теміржол – ақпарат пен байланыс құралы, теміржол сонымен қатар қауіп пен қатердің де ұясы екені жасырын емес...

Семинар-кеңесте қазыналы адам өмірінің құны мен жұмыс барысындағы салғырттық сыры сөз болып, қауіпті аймақта титтей қателіктің үлкен зардабы

болатынын түрлі мысалдар арқылы сөз болды. Шымкент магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері Мұхтарбай Битемиров желілік мекемелердегі 2022-2023 жылдарға арналған қауіпсіздік пен еңбек қорғау жағдайы туралы баяндама жасап, орын алған әрбір инцидентке арнайы тоқталып, баға беріп өтуді ұмытпады.

Семинарға теміржолмен тікелей байланыс орнатып отырған сала – «Оңтүстік Жарық Транзит» мекемесінің аймақтық басқармасы башысы Мұхит Төлендіұлы мен Шымкент қаласының мемлекеттік еңбек инспекторы Серік Алиманов арнайы қатысып, өз тәжірибелерімен

бөлісті, жұмыс барысында кадрлардың жеке бас қауіпсіздігі, салалық филиалдарының жұмысын үйлестіру туралы сөз қозғады, сонымен қатар қонақтар ҚТЖ – өндіріс саласындағы жұмысы ауыр да қауіпті сала екенін тілге тиек етті. Сондықтан қауіпсіздік – тәулік бойы қозғалыстағы сала үшін аса маңызды фактор екенін жеткізді.

Шара барысында техникалық кітапхана «Қауіпсіз еңбек – әр адамның құқығы» тақырыбында арнайы көрме ұйымдастырып, салаға қажетті заңнамалар мен кітаптарды теміржолшыларға таныстырды. *(Жалғасы 2-бетте)*

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

АЛМАТЫ ТЕМІРЖОЛЫНДА
БИЫЛ

55 км

ЖОЛДЫ ЖӨНДЕУ
ЖОСПАРЛАНҒАН

ТЕМІРЖОЛ ТАСЫМАЛЫ
КӨЛЕМІ СОҒЫ ОН ЖЫЛДА

39,6

ПАЙЫЗҒА АРТҚАН

БИЫЛ ҚТЖ-ДА

1,1 мың

КМ-ДЕН АСТАМ
ЖОЛ ЖАҢАРТЫЛАДЫ.

ИЗ СТОЛИЦЫ ДО АЛАКОЛЯ

Из Астаны до Алаколя отправился первый скоростной поезд «Тальго». Теперь пассажиры смогут с комфортом добраться до популярной курортной зоны.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

Пассажирский поезд «Тальго» по маршруту Астана – Достык, № 257/258 будет курсировать два раза в неделю: из столицы – по воскресеньям и четвергам, со станции Достык – по понедельникам и пятницам. В поезде могут разместиться 346 пассажиров. В пути следования для удобства пассажиров предусмотрены все условия: вагон-ресторан, вагон-бар, мультимедийный портал. Стоимость билета начинается от 17 тысяч тенге, в зависимости от класса вагона, – отметил заместитель генерального директора

АО «Пассажирские перевозки» Мухит Турсынбаев. Длина маршрута из Астаны до Алаколя составляет 1 399 километров. Время в пути до одного из самых популярных мест отдыха составит 21 час 45 минут. Для удобства пассажиров вагоны оборудованы системой кондиционирования воздуха, а также биотуалетами и розетками. В поезде имеется вагон класса «Гранд» для людей с особыми потребностями. К слову, до конца лета АО «Пассажирские перевозки» планирует перевести более четырех миллионов пассажиров. Курсировать по данному направле-

нию поезд «Тальго» будет только летом. К курортной зоне будут отправляться составы из Астаны, Алматы, Восточно-Казахстанской и Абайской областей.

– Мы раньше не были на Алаколе, едем впервые. Очень удобно и поезд скоростной. Думаю, что все будет хорошо. Я везу свою маму, ей 80 лет, – поделилась впечатлениями Жупар Омарова.

Из южной столицы до Алаколя будут курсировать два пассажирских поезда, сформированных из вагонов «Тальго». Так, № 211/212 Алматы – Достык через день: из Алматы – по четным, из Достыка – по нечетным, и № 253/254 Алматы – Достык через день:



из Алматы – по нечетным, из Достыка – по четным.

На специализированные места поездов «Тальго» для людей с особыми потребностями действует 70% скидка от общей стоимости проездного документа. Приобрести билеты можно через билетную кассу или на сайте <https://bilet.railways.kz> без комиссии.

Также в направлении озера Алаколь на летний период будут курсировать пассажирские поезда по восьми маршрутам. К слову, в текущем летнем сезоне на 6% увеличится количество мест в поездах, отправляющихся до побережья озера Алаколь. *Фото Александра ЖАБЧУКА*

ТӨРЕТАМДА ЖҰМЫС САЯБЫРСЫҒАН

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Төретам



Қызылорданың солтүстігіндегі Төретам станциясында бүгінде жұмыс азайып, тіршілік саябырсыған. Жыл басынан бергі бес айдың ішінде 292 вагонға жүк тиеліп, 531 вагоннан жүк түсіріліп, тапсырыс берушілерге тапсырылған.



Бұл – бір қарағанда аты әлемге танымал станция әлеуетіне қораштау көрінгенмен, жергілікті теміржолшылар үшін жаман көрсеткіш емес. Себебі баяғыдай космодром қалашығына ағылып жататын жүк жоқ, станцияда жұмыс саябырсып, соған орай штат та азайған. Станция бастығы Нұржан Бекжанов дегенмен әр айға бекітіліп берілген тапсырмалар орындалып, өндірістік көрсеткіштер межеге жетіп отырғанын жеткізді.

– Жыл басталғалы да, өткен жылы да жылжымалы құрамдарды станцияның қабылдап-жөнелту жолдарында кідіртіп қабылдау, кешіктіріп жөнелту жағдайлары болған жоқ. Маневрлік, пойыздық және өндірістік жұмыстар кезінде вагондарға залал келтіру, станция теміржолшыларының әсерінен пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылу жағдайы тіркелген жоқ, – деді станция бастығы.

Ауысыммен жұмыс жасайтын төретамдық теміржолшыларды таңертеңгілік пысықтау іс-шараларынан өту барысында жолықтырды. Әрі қарай станция кезекшісі Әлібек Залқараевтің сілтемесімен станцияның қызметін тұрақты пайдаланатын тапсырыс берушілер: «Цэнки» АҚ, «Ктж экспресс» және «Мир-2001» мекемелерінің кірме жолдарынан алынып құрамға тіркелуі немесе ағытылуы тиіс жүк вагондарын пойыз құрастырушылардың көмегімен ретке келтіру жұмысы басталды. Аға жүк қабылдап тапсырушы Қайырбек Төрешұратов пен жүк және багаж қабылдаушы Бақытгүл Теміршова бекетке аялдаған вагондардан жүктерді қабылдап алып, аға тауар кассирі Марина Жалекеева мен тауар кассирі Жеңісгүл Айтбаева жүк құжаттарын тіркеп, есепке алуда. Ал техниктардың операторлары Мира Жалиева мен Күлән Ахаева вагондағы жүктердің техникалық құжаттамаларын рәсімдеумен айналысуда. Қысқасы, жұмыс көлемі азайса да, бекеттегі тынымсыз тіршілік тоқтаусыз жүріп жатыр...

Ауысым арасындағы демалыс күндері станция теміржолшылары техникалық, теориялық білімдерін жетілдіру дәрістеріне қатысып, бекет басшылығы кестеге сай комиссиялық және айлық тексеріс, тосын тексеріс секілді қауіпсіздік шараларын тұрақты жүргізіп отырады.

Суретті түсірген автор

ЖОЛШЫЛАР КҮШІМЕН СӨНДІРІЛДІ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



Ақтөбе аймағында маусым айы басталғалы ауа температурасы өте жоғары, 30°-35° ыстық болып тұр. Теміржолдағы өрт сөндіру қызметі тілсіз жаудың тұтану қаупінің алдын алып, теміржол бойын жырты, сақтандыру жұмыстарын жүргізіп келеді.

Жуырда Әйтеке би ауданы Жоса станциясы маңында далалық өрт орын алды. Теміржолдан бір шақырым жерде тұтанған өрт Никельтау жол дистанциясының бастығы Қайрат Тәңірбергеновтің басқаруымен, жолшылар күшімен сөндірілді.



«Тілсіз жау сол жерде еңбек етіп жатқан жолшылардың дер кезінде қимылдаған қажырлы еңбегі арқасында толықтай ауыздықталды. Өртті сөндіргеннен алдын алған жеңіл. Сондықтан теміржол бойымен шекаралас аудандардың басшыларына, кәсіпкерлерге, жеке қожалықтарға қызметтік хаттар жолдап, өрт қауіпсіздігін сақтауды және төтенше жағдай бола қойған жағдайда тез әрекет ету хабарлануда. Егін ору, шөп шабу науқаны кезінде аудандарды тағы аралап шығамыз», – деді Ақтөбе мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінің бастығы Әділ Құбаев.

Аймақта 14 маусым мен 14 шілде аралығында өрт қауіпсіздігі айлығы өтіп жатыр. Өртке қарсы қызмет мамандары қауіптің алдын алып, кемшіліктерді уақытында түзетіп отыруға шақырады.

Ақтөбе бөлімшесіне қарасты 1800 шақырымға жуық теміржол мен оның бойындағы жүздеген нысандардың өрт қауіпсіздігін небәрі 7 адам бақылайды. Әділ Құбаевтың айтуынша, қиындық жоқ емес. Әсіресе техника талшылығы бар. «Қызметтік көлік болмағаннан кейін жолаушы немесе жүк пойыздарына мінуге тура келеді. Нақты тексеріп шығатын жерге тез жету мүмкін емес екендігі белгілі. Десек те, жалақысы аз, жауапкершілігі керісінше көп жұмыста алды 35 жыл, арты 15 жыл еңбек етіп келе жатқан жанкештілер біздің ұжымда», – дейді Әділ Құбаев.

Суретті түсірген автор

ҚАУІПСІЗДІК ТАҚЫРЫБЫН ҚАУЗАДЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Сонымен қатар желілік мекемелерден келген мамандар өз салалары бойынша мазмұнды баяндамалар жасап, жаппай талқылау болды. Арыс жол дистанциясының жетекші инженері Ербол Ешмахамбетов «Желілік кәсіпорындағы өндірістік жарақаттардың себебі» тақырыбындағы баяндамасы жұмыстың қанағаттанарлықсыз ұйымдастырылуы мен кәсіпорын басшыларының міндеттемесін қауады. Шымкент магистральдық желі бөлімшесінің өнеркәсіптік қауіпсіздік, электр қауіпсіздігі және экология бойынша қызмет көрсету секторының бастығы Ерлан Серперов «Қауіпсіз еңбек жағдайларын ұйымдастырудағы салалық еңбекті қорғау инженерінің рөлі» тақырыбында қызықты баяндама

жасады. Ал Шымкент белгі беру және байланыс дистанциясының жетекші инженері Эльвира Бажибаева «Теміржолшылардың кабинеттерін, еңбекті қорғау бұрыштарын жабдықтау, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту» тақырыбында, Арыс магистральдық-техникалық базасының бастығы Әзімбек Ақтөреев «Теміржолшылардың формасы мен қауіпсіздік аяқ киімдерін және жұмысқа қажетті тауарларын сапалы қабылдау. Техникалық талаптар мен шарттардың мемлекеттік стандарттарға сәйкестігі» тақырыбын сөз етті. Арыс белгі беру және байланыс дистанциясының бас инженері Мейіржан Жаңабаев «ҚТЖ мердігерлерімен жұмыстарды орындаудағы қауіпсіздікті басқару» тақырыбында, Шымкент электрмен жабдықтау дистанциясының жетекші

инженері Айнұр Есмұратова «2023 жылдың 5 айы бойынша Шымкент қаласының НЖС-9 бөлімшелеріндегі экшн-камераларына түсірілген жұмысқа рұқсат беру бойынша атқарылған жұмыстарды қарау нәтижелеріне талдау жасау» тақырыбында, Арыс жол дистанциясының өндірістік қауіпсіздік жөніндегі жетекші инженері Олжас Баелов «Магистральдық желі кәсіпорындарының өнеркәсіптік қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында талдау-талқылау баяндамалары жасалып, қатысушылар пікір алмасып, семинар соңында басшылыққа арнайы ұсыным хаттамасы жасалды.

Іс-шараға ҚТЖ қызметкерлеріне қызмет көрсететін «Медикер-Ассистанс» ЖШС өкілі Майя Валиева арнайы қатысып, 2023 жылға арналған медициналық сақтандыру бағдарламасымен таныстырды, медициналық ұйым тарапынан теміржолшыларға жасалып жатқан жұмыстар бойынша қатысушылар сұрағына жауап берді.

Ал семинардың екінші бөлігі практикалық жұмыстар бойынша өндірісте жалғасты. Қатысушылар ПЧ-53 – Шымкент жол дистанциясында, ЭЧ-24 – Электрмен қамтамасыз ету дистанциясында, ШЧ-37 – Шымкент белгі беру және байланыс дистанциясында, ВП-39 Қалпына келтіру пойызы мен Шымкент вокзалында болып, өзара тәжірибе алмасты.

Суретті түсірген автор

ҚОЗҒАЛЫСТА КІДІРІС БОЛМАС ҮШІН...




ТЕХСАБАҚ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Бұл орайда әрбір тораптық станция қызметкерлерінің ұсынған әдістемелік жаңашыл тәсілдері де сынға түсуде. Жуырда Семей теміржолының 533,6 шақырымында орын тепкен, үш бағытта қызмет көрсететін екінші класты Локоть станциясында тәжірибелік көрсетілім жүзіндегі техникалық дәріс өткізілді. Бұл техникалық оқу-жаттығу шаралары өткен мамыр айының 5-і күні жарияланған «Техникалық дәрістер және тәжірибелік дағды деңгейін көтеру» атты ұшайлық аясында ұйымдастырылды. Сонымен қатар, қазіргі таңда өткізіліп жатқан пойыз және маневрлік жұмыстар өндірісі мен маршруттарды даярлаудағы баса назар аударылуы тиіс маңызды мәселелерді қамтитын айлықпен де орайластырылды. Яғни, осынау дәріс барысында негізінен пойыз қозғалысына жауапты мамандар машығын шыңдады.

Техникалық сабақта СЦБ жұмысы бұзылған жағдайдағы ДСП іс-әрекеті тақырыбы кеңінен қозғалды. Аталмыш дәріс кезінде станция қызметкерлері пульт-табло көмегі арқылы стандартты емес жағдай туындаған шақтағы өз әрекеттерін көрсетіп берді. Сонымен қатар байланыс саласына жауапты мамандармен бірге рельс бойына шығып, өз міндеттерін нақты іс жүзінде түсіндірді.

Техникалық сабақта СЦБ жұмысы бұзылған жағдайдағы ДСП іс-әрекеті тақырыбы кеңінен қозғалды. Аталмыш дәріс кезінде станция қызметкерлері пульт-табло көмегі арқылы стандартты емес жағдай туындаған шақтағы өз әрекеттерін көрсетіп берді. Сонымен қатар байланыс саласына жауапты мамандармен бірге рельс бойына шығып, өз міндеттерін нақты іс жүзінде түсіндірді.




Аталмыш шара бөлімше басшысының бірінші орынбасары, қозғалыс саласының тәжірибелі маманы Қуаныш Өміреновтің тікелей жүргізуімен ұйымдастырылды. Сондықтан болар, жүк айналымы аса жоғары Локоть станциясының қызметкерлері біліктілік бойынша емтихан тапсырды десе де болғандай.

Тоқтала кетер болсақ, Ресей жерінде орналасқанымен Қазақстанның теміржол станциясы саналатын Локоть станциясында биылғы жылы қозғалыс жиілігі

біршама артқан. Оған негізінен Ресей мен Қытай арасындағы жүк тасымалының жоғарылауы да себеп болған. Сондықтан станция қызметкерлері үшін жауапкершілік те біршама еселене түсуде. Ал осынау техникалық дәріс барысында өздері үшін тың жаңалықтар ашқан қозғалыс саласының мамандары үйренген, көңілге тоқпаған әдіс-тәсілдерді қызмет барысында мүдірмей қолдана алатындықтарына сенімді.

Суретті түсірген автор

ҰЖЫМДЫҚ ШАРТҚА ҰСЫНЫСТАР КҮТЕДІ



КӘСІПОДАҚ

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Осы орайда кәсіподақ өкілдері теміржолшыларды аралап, кездесу өткізуде. Онда жаңа ұжымдық шартта қарастырылатын өзекті мәселелер мен тақырыптар бойынша ұсыныстар жиналуда.

«Қазкөліккәсіп» ҚБ Астана Серік филиалының төрағасы Серік Сәрсекеевтің айтуынша, қазіргі таңда аталған мәселе бойынша ұсыныстар беру туралы хабарландыру барлық мекемелерге берілген. Арнайы кездесулер барысында да түсіндіріліп жатыр.

– Кездесуде теміржолшылардың алдағы үш жылға жасақталатын ұжымдық шартқа қандай өзгерістер мен әлеуметтік жеңілдіктер енгізілгенін қалайтынын сұрап, ұсыныстарды жинағаннан кейін талқылау жиындары өтеді. Мемлекет басшысы жақында Әлеуметтік кодекске қол қойғаннан білесіздер. Ол 1 шілдеден бастап күшіне енеді. Соған байланысты шартқа да өзгерістер енгізілуі мүмкін, – дейді С.Сәрсекеев.

Астана торабының кәсіподақ



өкілдері жуырда Қырымшы ПЧМ мекемесінде, «Вагонсервис» АҚ аймақтық вагон жөндеу кәсіпорнында, Астана электрмен жабдықтау дистанциясында кездесу өткізді. Мұндай жиындарға ҚР Кәсіподақ федерациясы өкілдері мен Астана қалалық мәслихатының депутаттары да қатысуда. Себебі көтерілетін мәселелер қала көлеміндегі проблемаларды қамтиды. Мысалы, теміржолдағы жастарды көбіне баспана және жалақыны көтеру мәселесі толғандырады. Қазір салаға жастар көптеп келуде, алайда олардың көбінің баспанасы

жоқ, алған жалақыларының көп бөлігі үй жалдауға кетеді. Мұндай жиындарда ұжымдық шартқа ұсыныс жинаудан бөлек, теміржолшылардың проблемасы да қозғалды. Мысалы, «Вагонсервис» АҚ жолаушылар вагондарын жөндеу жөніндегі Ақмола филиалының ұжымы вагон жөндеу депосынан екі жүз метр жерде орналасқан ешкімнің балансында жоқ иесіз учаскеде жыл сайын құбырдың жарылуынан қиындық көріп отырғандарын жеткізді. Себебі құбыр жарылған кезде вагон жөндеу депосы суыз қалады. Тағы бір мәселе – жолаушылар

вагондағы биодәретханалар тазартылғаннан кейін қалдықтарды тасымалдауда мекеменің арнайы машиналарына қызырлы органдардан қандай да бір орынға рұқсат берілмейді, керісінше, айыппұл салу жиілеп кеткен. Сондай-ақ теміржолшыларды «Лесозавод» ауданын газдандыру және осы елді мекенде көпір салу мәселесі толғандырады.

– Тағы бір мәселе – оқу жылы аяқталып, жазғы балалар демалысы ұйымдастырыла бастады. Өкінішке қарай 14 аймақта өткізілген тендердің алтауы өтпей қалды. Себебі соған ұсыныс беретін балалар сауықтыру орталықтары дайын емес. 2008 жылға дейін 11 мың балаға орталықтарға жолдана беретін едік, қазіргі уақытта 5 мыңға да жетпейді. Яғни екі есе азайып кеткен. Былтыр олардың демалыс сапасына қатысты көп олықтықтар анықталды. Одан бөлек жалақы, әлеуметтік пакетке байланысты көпшіліктің талап-тілегін тыңдап, компания басшылығына жеткізуде мүдделіміз, – дейді Серік Сәрсекеев.

Суретті түсірген автор

Сотрудничество

КОРИДОРЫ ВОЗМОЖНОСТЕЙ

Делегация Казахстана во главе с вице-министром индустрии и инфраструктурного развития Алмазом Идырысовым приняла участие в бизнес-форуме «Новые торговые возможности между Центральной Азией и Латвией», который прошел в Риге (Латвия).

Айлин БАУРЖАН,
Астана

В работе форума приняли участие представители промышленности и транспорта Балтийского региона. Мероприятие было организовано представителем USAID в Центральной Азии, Союзом транспортников Казахстана KAZLOGISTICS и Постоянным секретариатом межправительственной комиссии ТРАСЕКА.

В рамках первой сессии форума участники обсудили вопросы перевозок между странами Центральной Азии и Прибалтики, устранения узких мест на маршрутах и развития региональных связей. В свою очередь Алмаз Идырысов подчеркнул,



что Транскаспийский международный транспортный маршрут играет важную роль в развитии экономики и является одним из ключевых маршрутов.

По оценке экспертов, к 2030 году потенциал Транскаспийского международного транспортного маршрута оценивается до 20 миллионов тонн грузов в год, в том числе включая

контейнерные перевозки до двух миллионов ДФЭ, что потребует соответствующего развития портовой инфраструктуры для потенциальной переориентации на данный коридор от 3% до 20% ежегодного объема транзитных грузов, следующих по направлению Восток – Запад через альтернативные транзитные маршруты.

Также в рамках форума проведено пятое заседание Казахстанско-Латвийской рабочей группы по транспорту, в ходе которого стороны обменялись информацией касательно ситуации в области транспортной логистики в Казахстане и Латвии, обсудили планы развития логистических цепочек.

Вместе с тем стороны обсудили возможность возобновления пассажирского авиасообщения между Казахстаном и Латвией. Кроме того, в целях развития экспорта сырьевых и производственных товаров Казахстана в Европу и перевозки грузов импорта в обратном направлении делегация посетила и ознакомилась с возможностями инфраструктуры портов Латвии.

Фото автора

ГЛАВНОЕ – УСЛЫШАТЬ

Встречи с коллективами предприятий железной дороги и ветевладельцами на станциях Новоустькаменогорск, Алтай, Бухтарма, Көкжиек, Кумістау, Өскемен-1 провели железнодорожники.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Во встречах приняли участие заместитель директора по логистике Семейского отделения грузовых перевозок Алмас Сейсемжанов, заместитель директора Семейского отделения магистральной сети Алибек Шуманов, транспортный прокурор Восточно-Казахстанской области Нуржан Керимбаев, представители инспекций транспортного контроля по ВКО, областной государственной инспекции труда, линейной отдела полиции, Палаты предпринимателей ВКО.

– Во время встречи на станции Кумістау работники подняли вопрос о том, что тем из них, кто не имеет экологического удостоверения пострадавшего от испытаний на бывшем Семипалатинском ядерном полигоне, не предоставляется дополнительный экологический отпуск, и этот вопрос не решается длительное время, – рассказал Алмас Сейсемжанов.

По данным начальника планово-эконо-

мического сектора Семейского отделения грузовых перевозок Зайры Тургамбаевой, профсоюз направил соответствующее письмо в адрес руководства Семейского отделения грузовых перевозок. Пока вопрос не решается по финансовым причинам. Но во время встреч на станциях работники железнодорожных предприятий не высказывали никаких претензий по заработной плате, условиям труда.

Нуржан Керимбаев объяснил собравшимся, что с жалобами и предложениями каждый может обратиться в областную транспортную прокуратуру через приложение E-Opinish либо записаться на прием. Представители Палаты предпринимателей ВКО рассказали, какую они могут оказать поддержку людям, которые решили заняться предпринимательской деятельностью, или оказать


помощь бизнесу в решении его проблем.

– Цель наших встреч – в первую очередь поговорить с железнодорожниками, предпринимателями, обсудить их проблемные вопросы, есть ли у них жалобы, – рассказал Нуржан Керимбаев. – Конечно, также нам было необходимо посмотреть места прошлых годовных сходов вагонов. Мы видим, что АО «НК «КТЖ» извлекло из этого урока, направив уже в этом году на инфраструктуру, ремонт путей колоссальные средства. Кадровые службы Семейского отделения грузовых перевозок объяснили работникам вопросы по надбавкам к заработной плате. Когда человек не владеет информацией, то у него могут возникнуть претензии.

Кроме разъяснительных бесед, представители руководства Семейского отделения грузовых перевозок и Семейского отделения магистральной сети тепло поздравили начальника станции Көкжиек Мурзабека Оразаева с 60-летием. Он является Почетным железнодорожником. Он руководил этой же станцией больше 40 лет с самого ее основания.

– Таких поездок, которая проходила по участку Алтай – Өскемен-1, не было уже несколько лет, – подчеркнул директор Семейского отделения грузовых перевозок Владимир Бабыченко.

РАБОТЫ В РАЗГАРЕ



РЕМОНТ ПУТИ

На перегонах Карагандинского региона железнодорожниками ПЧ Караганда и ПЧ Ақадыр ведутся летние путевые работы.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

По словам ведущего инженера отдела пути по приемке качества ремонта пути Карагандинского отделения магистральной сети Дархана Аманжанова, в настоящее время выполнены мероприятия по сплошной смене рельсовой опоры хозяйственным способом с применением машин СМД-80, РМ, ЭЛБ, на перегоне Нура – Кокпекты – 5,4 километра, на перегоне Шюкай – Мырза – четыре километра.

– Аналогичные работы выпол-

нены на перегоне Донгал – Босага – 2,5 километра, и на перегоне Ақадыр – Донгал, – рассказывает Дархан Аманжанов. – Все действия работников Карагандинской и Ақадырской дистанций пути осуществляются механизированной техникой – машиной для капитального ремонта пути серии SMD-80, обладающей повышенной производительностью и экономической эффективностью.

Машина считается высоконадежной и имеет отличную репутацию. Кроме того, используется щебнеочистительный путевой



комплекс РМ, который в первую очередь выполняет действия по очистке балласта на железнодорожном транспорте. Большую лепту в производительность труда вносит электробалластер (ЭЛБ) – машина, достигающая в длину 50 метров и в высоту около шести. Общая масса ЭЛБ составляет около 140 тонн. Эта техника используется для механизированного ремонта любых типов железнодорожных

путей. ЭЛБ производятся такие виды ремонтных работ, как непрерывная рихтовка пути, планировка и срез земельного края.

На сегодняшний день коллективом ПЧ Караганда уже выполнены работы по сплошной смене рельсовой опоры хозяйственным способом – 12 километров, а работниками ПЧ Ақадыр – 2,5. Летние путевые работы продолжаются.

Фото автора

ВКЛАД КАЖДОГО



ОХРАНА ТРУДА

На станции Алматы-1 разработан комплекс мероприятий, направленный на улучшение состояния охраны труда.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

На станции Алматы-1 проводятся семинары, практические занятия и деловые игры для повышения уровня знаний по охране труда и профессионализму работников, участвующих в трудовом процессе. Безусловно, все эти мероприятия позволяют снизить количество нарушений требований охраны труда и уменьшить число травматизма на производстве.

Как отмечает ведущий инженер по охране труда станции Алматы-1 Айгуль Исафина, проводится анализ состояния безопасности труда, заболеваемости работников. Разработаны мероприятия по профи-

лактике травматизма, принимаются действенные меры по своевременному устранению выявленных недостатков по актам проверок государственных структурных органов надзора по вопросам безопасности труда.

Технические занятия проводятся так, что теоретическая часть тесно переплетается с практической стороной. Хорошо оборудован кабинет охраны труда, имеются все наглядные пособия, стеллажи, необходимый материал для технических занятий. С вновь принятыми работниками своевременно проводятся внеплановые инструктажи по технике безопасности, с ознакомлением со схемой служебного



прохода к рабочим местам. Проводится обучение безопасными приемами и методами работ.

Стоит также отметить, что наиболее уязвимым местом является северная горловина нечетного приемопровочного и сортировочного парка станции. Человек, попадая в зону работы железнодорожного транспорта, подвергается повышенной опасности механического травматизма, электротравматизма, вредного воздействия шума,

ВЗАИМНЫЙ ИНТЕРЕС

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана



ИНФРАСТРУКТУРА

Делегация Xi'an Free Trade Port Construction and Operation Co., LTD посетила и ознакомилась с производственными объектами сухого порта «КТZE – Khorgos Gateway», терминалами станции Алтынкөл и города Алматы.

В ходе посещения терминала в Алматы проведена презентация действующей автоматизированной системы Terminal Operating System. Программа объединяет в себе возможности оперативного управления технологическими процессами и коммерческой деятельностью терминала, что в свою очередь позволило повысить эффективность деятельности терминала, обеспечить прозрачность процессов, оптимизировать технологический процесс на 26%, осуществлять автоматизированный досмотр на контрольно-пропускных пунктах (считывание ГРНЗ авто и номеров контейнеров), улучшить качество обслуживания клиентов (электронные заявки, статус обработки заявки, SMS-уведомление).

К слову, в условиях ежегодного роста объемов перевозок грузов и современных тенденций на рынке транспорта АО «Кедентранссервис» проводит работу по реконструкции и модернизации терминальных мощностей, а также внедрению передовых технологий и IT-инструментов.

В целях повышения эффективности деятельности терминалов выстроена эффективная модель бизнес-процессов продаж и взаимодействия с клиентами в онлайн-сервисах, автоматизированы технологические процессы операционной деятельности терминала.



КТО ЗДЕСЬ ЛУЧШИЙ?

Ольга СТЕБЛЯНКО,
Усть-Каменогорск



КОНКУРС

В Өскеменском эксплуатационном вагонном депо (ВЧД-24) начали подготовку к конкурсу на звание «Лучший по специальности». Руководство предприятия проведет его совместно с профсоюзом ко Дню вагонника.

Начальник Өскеменского эксплуатационного вагонного депо Марат Кадырханов издал соответствующий приказ о проведении конкурса. Он будет состоять из двух частей – теоретической, в техническом классе ПТО станции Өскемен-1, и практической – рабочем парке ТОР (текущий отцепочный ремонт) этой же станции. На основе приказа в депо разработали положение, согласно которому для участников подготовили около 40 конкурсных заданий. К примеру, конкурсантам предложат рассказать о назначении вагонов, их классификации, основных характеристиках пассажирских и грузовых вагонов, назначении кузова, неисправностях колесных пар, основных причинах самораспада, возможных неисправностях тормозного оборудования, а также рам вагонов, при наличии которых запрещена постановка их в поезд, и многом другом. Кроме этого, конкурсантов ждет много вопросов по технике безопасности.

– Цель конкурса – чтобы работники всех наших ПТО слаженно работали, обменивались опытом, совершенствовали свои профессиональные знания и мастерство. Сейчас много новых, молодых осмотричков, им это будет особенно полезно, – рассказал мастер производственного обучения Өскеменского эксплуатационного вагонного депо Аслан Жауташев.

Фото автора

вибраций, электромагнитных полей, негативных микроклиматических факторов, загрязненного атмосферного воздуха. На станции же наиболее опасной является работа составительской бригады и регулировщика скорости. Данный факт учитывается, и на категорию этих профессий направлено особое внимание.

С целью выявления нарушений техники безопасности руководством станции проводятся оперативные проверки, в том числе ночные. Причем и в выходные дни осуществляются дополнительные оперативные проверки. Ведется постоянный контроль за соблюдением работниками мер безопасности на железнодорожных путях. Практикуются также совместные рейды с транспортными полицейскими, которые определенно дают положительный эффект.

– Залогом безопасности является строгое соблюдение правил погрузки и крепления грузов, особенно опасных, негабаритных, и грузов на открытом подвижном составе. Негабаритные места на станции обозначены заградительным знаком «Осторожно! Негабаритное место», – отмечает главный инженер станции Алматы-1 Ерлан Куандыков.

Фото автора



АЛТЫ МЫҢ БАЛА ДЕМАЛАДЫ

ҚТЖ компаниясы биылғы маусымда теміржолшылардың алты мыңнан астам баласына жаз қызығын сыйламақ. Қазір теміржолшылар отбасынан шыққан балаларды сауықтыру орталықтарына тіркеу жүріп жатыр.

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

Компанияның Әлеуметтік саясат департаменті мамандарының мәліметінше, «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының Қазақстандағы 10 облысында жұмыс істейтін қызметкерлердің балалары үшін сауықтыру орталықтарына жолдама құнының 90%-ын ұлттық компания, тек 10%-ын ғана ата-аналары төлейді.

Теміржолшылардың 7-13 жас аралығындағы балалары жазғы демалыстарын Қазақстанның ең көркем жерлерінде өткізетін болады. Оларды ары-бері тасымалдауды «Жолаушылар тасымалы» АҚ жүзеге асырады.

Жалпы, балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен оның қызметкерлері арасындағы Ұжымдық

шарт бойынша Компания мен оның еншілес ұйымдарының қызметкерлеріне берілетін кепілдіктердің бірі болып табылады. Жолдамаларды бірітіру кезінде басымдық аз қамтылған, көп балалы және толық емес отбасылардан шыққан өндіріс қызметкерлерінің балаларына беріліп отыр. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру барысында олардың қауіпсіздігіне, жақсы тамақтану және бос уақыттарын қызықты өткізулеріне айрықша назар аударылған. Ұзақтығы он күнді құрайтын демалыста балалардың жан-жақты дамуы, денсаулықтарын шыңдап, жайлы демалуы үшін барлық жағдай жасалған.

Айта кетейік, балалардың алғашқы легі 15 маусымда Түркістан облысы аумағында орналасқан «Машат» балаларды сауықтыру орталығына аттанды.

Суретті түсірген автор

«ӘКЕЛЕР КҮНІ» АТАЛЫП ӨТТІ

Биыл елімізде алғаш рет 18 маусым «Әкелер күні» болып белгіленіп, демалыс күні аталып өтті. Тараз қаласындағы «Анаға тағзым» орталығында өткен «Әкелер форумына» қарапайым еңбек адамының өнегесін көрсетіп жүрген көп балалы әкелер шақырылып, ұрпақ тәрбиесіндегі өнегелі ойларымен бөлісті.



Ерман ӘБДИЕВ,
Тараз

Сол шараның ортасынан Жамбыл вагон пайдалану депосының вагон қараушысы, көп балалы үлгілі отбасының иесі Жамбыл Айтұов та табылды. Ұлттық дәстүрді ұлықтап, отбасы құндылықтарын жоғары қойып, ұрпақ тәрбиесінде әке өнегесін танытып жүрген Жамбыл Орынбиұлы қала маңындағы Байзақ ауданы Бурыл аулында тұрады. Белсенді теміржолшы Бурыл орта мектебінде Қамқоршылық кеңесі қоғамдық қорының төрағасы. Өз балаларымен қатар мектеп жасындағы барша балалардың тәрбиесін назарға алып,

«Ата-ана – мектеп – ұстаз» үштік одағының белсенді жұмыс істеуіне қал-қадірінше атсалысып жүр.


Жамбылдың өзі көп балалы, елге сыйлы отбасынан шыққан. Әкесі Орынби де болат жолда еңбек еткен. Әкесі мен анасы Сейсекүл 7 ұл-қыз тәрбиелеп, олардан отыз шақты немере сүйіп отыр. Жұрт қызығатын, бірлігі жарасқан әулет.

– Өзіңіз білесіз, бүгінгі қоғамда не болмай жатыр... Сондықтан балаларымыздың тәрбиесіне қатты алаңдаймын. Жаға ұстар, жаның ашыр оқиғаларды көріп, біліп жатқанда бала тәрбиесі ең өзекті мәселеге айналды. Осыны әрбір отағасы, әке түсінсе екен, – дейді көп балалы шаңырақтың иесі.

Жамбыл жары Гауһар екеуі 5 бала тәрбиелеп отыр. Тұңғыштары Аружан Алматы қаласындағы Т.Рысқұлов атындағы университеттің бірінші курс студенті болса, Бауыржан Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжінде үшінші курста оқып жүр. Ерасыл мен Іңкәр Бурыл мектебінің оқушылары. Кенже ұл Мүсілім балабақшада.

Суретті түсірген автор

ЖӘДІГЕРЛЕРМЕН ТОЛЫҒУДА



Семей ЖТ бөлімшесіндегі «Түркісіб-Семей» теміржол мұражайының есік ашқанына биылғы тамыз айында 10 жыл толмақ. Осы атаулы күнге орай арнайы акция өтіп жатыр.

Абай ЕРТИС,
Семей

Тарқатып айтсақ, «музейге сыйлық» акциясы аясында мұражайға көнеңің көзі ескі жәдігерлер тапсыруды көпшілік бірден іліп әкетті. Бүгінде байтақ еліміздің түкпір-түкпірінен тәбәрік заттар келіп жатыр. Мәселен, жуырда сондай құнды заттардың бірнешеуі шалғайдағы Тобыл станциясынан жетті. Сол өңірдегі ардагер теміржолшы, локомотив депосының басшысы болған Александр Бровка өзінің жеке мұрағатындағы жәдігерлерді

Семейге арнайы жолдапты.

Байырғы уақыттарда теміржол саласында қолданыста болған, бүгінгі заманда таңсық дүниеге айналған осынау бұйымдарды музейге бөлімше басшысы Владимир Владимирович өз қолымен әкеліп табыстады. Шалғайдан жеткен бір чеходан бағалы бұйымды «Түркісіб-Семей» мұражайының негізін қалаушы Құрметті теміржолшы Мақсұт Көшжанов өзі қабылдап алды.

Жалпы, бүгінде теміржол музейінің танымалдылығы артып келеді. Көпшілік жиі экскурсия жасайтын танымдық орынға айналды.

Спорт

ПАПА, МАМА, Я – СПЛОЧЕННАЯ СЕМЬЯ!

Самые спортивные и активные семьи железнодорожников из разных регионов Казахстана приняли участие в массовых стартах «Папа, мама, я – спортивная семья!» в Астане.

Любовь РОВБА,
Астана

Пройти масштабную 200-метровую полосу препятствий предстояло 19 семьям, которые уже стали победителями на отборочных стартах на местах.

Уникальный игровой комплекс представляет собой 18 полос препятствий: канаты, тоннели, мячи, импровизированный скалодром, различные ловушки и сюрпризы поджидали участников на каждом этапе.

За соответствием правилам и подсчетом времени следила специальная команда профессионалов.

Борьба за звание самой ловкой, сплоченной и спортивной семьи выдалась нешуточная. В финале счет шел буквально на секунды. В итоге лучшее время показали представители Карагандинского региона: станционный диспетчер станции Жанауал Жомарт Тулеушин, его супруга – ведущий ин-



женер Карагандинского отделения магистральной сети Ботагоз Абилюдина и их 12-летний сын Алтайр.

Второе место у семьи железнодорожников из Жамбылского региона: машиниста Жамбылского эксплуатационного локомотивного депо Мадияра Акылбекова, Индиры Муратбековой и 11-летнего Ерасыла Сапаргали.

«Бронзу» завоевала семья из Мангистауской

области: осмотрщик-ремонтник вагонов ПТО станции Бейнеу Турар Ниязов, его супруга Айнура Абдырасилова и их сын, 11-летний Қабыл Локман.

– Мы впервые на подобном соревновании, эмоции радости и счастья просто переполняют нас. Выложились по полной, было непросто, все соперники достойные, и конкуренция не из слабых. Но нам все же удалось показать лучший результат, наверное, сказала наша спортивная подготовка: каждый в нашей семье занимается спортом, – поделился эмоциями Жомарт Тулеушин.

Победителей отметили денежными призами, а для всех участников организовали праздничный стол. В свою очередь спортсмены-железнодорожники поблагодарили руководство АО «НК «ҚТЖ» за поддержку спорта, возможность испытать свои физические способности, познакомиться с коллегами из других регионов и отлично провести время с семьей.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ФУТБОЛ – ДВИЖЕНИЕ И ЖИЗНЬ

На стадионе «Локомотив» станции Караганда-Сортировочная состоялся турнир между цехами филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП».

Светлана МОГАЙ,
Караганда

В спортивном мероприятии приняли участие семь команд: административный персонал ВЧД-13, работники ПТО «Юг», ПТО «Север», станции Жанауал, Карабас, Жарык, объединенных узлов Нура и Мырза.

По доброй традиции перед матчем спортсменов-железнодорожников поприветствовали начальник ВЧД-13 Айкен Сейтов и председатель филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Галы Ермекебаев.

Игра была насыщенной и плодотворной.

Инициатором мероприятия выступил председатель цехома ВЧД-13 Сымбат Медеуова, помощь в организации турнира оказал инструктор по спорту Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс» Тағат Аймаңбетов.

По итогам матча первое место заняла команда ПТО «Юг», второе – присуждено игрокам ПТО Жанауал и третье – команде станции Жарык. В заключительной части мероприятия были вручены именные призы. Так, кубок директора ВЧД-13 получили спортсмены ПТО «Север», а кубок профкома – объединенная команда станций Нура и Мырза. Как отметил Галы Ермекебаев, коллектив узлов



Нура и Мырза участвовал впервые, но сумел показать отличные результаты. Лучшим защитником турнира признан Адильбек Досжан, лучшим игроком – Салык Нурсултан, лучшим нападающим – Мадияр Нурбеков.

Призы победителям были представлены профсоюзом предприятия.


Фото автора

ТАСТАЯҚ ШЕБЕРЛЕРІ

Тараз қаласындағы «Бай Сұлу» бильярд клубында жамбылдық теміржолшылар арасында бильярдтан жарыс өтті.

Арсен БАЙЗАҚ,
Жамбыл

Кәсіподақ төрағасының кубогына арналған іріктеу біріншілігіне 13 тастаяқ шебері қатысып, бақ сынасты. «Бақ шаба ма, бап шаба ма» демекші, тастаяқ шеберлерінің бір-бірінен өнерін асыруға тырысқан өрнекті ойыны нәтижесінде Жамбыл локомотив пайдалану депосының машинисі Әділхан



Асқарбай қарсыластарын ойсырата ұтып, жүлделі бірінші орынды иемденді. Ал Жамбыл белгі беру және

байланыс дистанциясының Тараз станциясы бойынша сигнальші Нұрболат Сейлібек екінші орынды иеленді. Жеңімпаздар кәсіподақ тарапынан марапатталды.

– Жалпы кәсіподақ тарапынан жиі ұйымдастырылатын спорттық шаралар аймақ теміржолшыларын түгел спортпен достастырды десек, артық айтпаймыз. Бұл олардың өзара ынтымағын арттырып, белсенді өмірге бейімдейтін анық, – дейді Жамбыл бөлімшесі кәсіподақ ұйымының сарапшысы Серік Наурызбаев.

Суретті түсірген автор

ПОЛЕЗНЫЙ УИКЕНД

В Павлодарском высшем колледже электроники и коммуникаций прошло спортивное мероприятие «Веселые старты», в котором приняли участие семь команд железнодорожников.



Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

Организаторами спортивного мероприятия выступили Павлодарский филиал ОО «Казпрофтранс» и инструктор-организатор по спорту Наталья Мартынова. На удачу спортсменов погода в регионе выдалась хорошая – аномальная жара отступила, на смену пришли дожди. Но, как отметили железнодорожники, лучший день – это

тор-организатор по спорту Наталья Мартынова. На удачу спортсменов погода в регионе выдалась хорошая – аномальная жара отступила, на смену пришли дожди. Но, как отметили железнодорожники, лучший день – это

день, проведенный на свежем воздухе, поэтому температурный режим не помешал бы им провести веселые старты. В состязании приняли участие команды Павлодарского отделения магистральной сети, дистанции электрооборудования, дистанции сигнализации и связи, станции Павлодар, сборная команда Павлодарского отделения ГП (эксплуатационное локомотивное депо и ТехПД), павлодарский участок АО «Вагонсервис», филиал «Казтемиртранс».

Команды состояли из трех женщин и троих мужчин. В спортивную эстафету вошли бег с мячом, обручем, теннисной ракеткой с мячом, броски медбол, перетягивание каната и другие виды состязаний. В итоге первое место заняла станция Павлодар, второе – у Павлодарской дистанции сигнализации и связи, третье место завоевал филиал АО «НК «ҚТЖ» – «Павлодарское отделение магистральной сети».

Фото автора

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылмның таралымы 11 340

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Қызылорда: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабыржан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73
Карағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61
Ақтөбе: Ардақ Ерубая 8-702-843-27-97
Шымкент: Сабара Байзахова 8-702-509-00-43

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.